

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№16-17 (462) 30 қараша 2018 жыл

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ЖЕМІСТІ ҒЫЛЫМАҚТАСТЫҚ - ЖОСПАРЛЫ БОЛАШАҚ НЕГІЗІ

Сондай-ақ жиын барысында Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. ҚазҰЖҒА мен Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хаб өзара келісім туралы меморандумға қол қойды. Басқосу соңында мәжіліс мүшелері, Түркістан аймағында ғылымды дамытуға, ғылыми-техникалық ізденістер негізінде бірлесіп жұмыс жасау арқылы ортақ мақсатқа жетуге ниет білдірді.

2 бетте

БАУЫРЛАСТАР БАС ҚОСҚАН КҮН

«Туған жерге тағзым» алғашқы экскурсиясы аясында университетімізде «Қазақстанның киелі жерлері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шараға университетіміздің президенті Болатбек Абдрасилов, ҚР Ұлттық мұражайының «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы директорының орынбасары Батырхан Жұмабаев және Мемлекеттік тілді дамыту қорының директоры Азат Шәуеев сынды белгілі сарапшылар қатысты.

2 бетте

ЖАС ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Орта Азия бойынша Scopus Award 2018 сыйлығын салтанатты түрде рәсімдеу шарасында жас ғалымдарымыз жүлделі орындарға ие болды. Гуманитарлық сала бойынша үздік мақала жазғаны үшін, оқу ордамыздың «Дене тәрбиесі» кафедрасының PhD докторлары Бақытжан Омаров пен Бағдат Баймұханбетов «Best Researcher in Humanities» номинациясымен II-орынды иеленді. Бұл жетістіктер арқылы оқу ордамыз әлемдік деңгейдегі зерттеу нәтижесінің жемісін көрсетті.

2 бетте

ЖАНЫМА ЖАҚЫН СЫРЛАСЫМ

Тура бүгін қар жауып, қалың тұман түсіп, қыс келуі мүмкін емес пе? Күздің қай сағат пен минут аралығында аяқталары белгісіз. Сол үшін күз өте ерекше сәт, мезгіл, уақыт деп санаймын. Күздің бұл күндері мына біздерге сабақ беріп, тәрбиелейтін секілді ме қалай?

4 бетте

ХАЛҚЫМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ, ЕЛБАСЫ - ЕЛДІҢ ТІРЕГІ!



1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

Түркі әлемінің генезисі Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты. Осыған байланысты, «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны қолға алу қажет. Бұл жоба аясында 2019 жылы Астанада Түркологтардың дүниежүзілік конгресін және әртүрлі елдер музейлерінің экспозицияларына ежелгі түркі жәдігерлері

қойылатын Түркі халықтарының мәдени күндерін ұйымдастыру керек. Сондай-ақ, Википедияның үлгісінде Қазақстанның модераторлығымен Түркі халықтарына ортақ туындылардың бірыңғай онлайн кітапханасын ашу да маңызды. Сонымен қатар, жаңа облыс орталығы ретінде Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру қажет. Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады. Осының

негізінде білімді дәріптеуге және туризмді дамытуға баса мән берілуі қажет және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.

ҚР Президенті Нурсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан үзінді, 21 қараша, 2018 жыл

УНИВЕРСИТЕТТЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТЕР ФОРУМЫ ӨТТІ

ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен «Журналистика білім беру бағдарламаларының үлгілері: кәсіби стандарттардың интеграциясы» тақырыбында II халықаралық журналистика форумы өтті.

ректоры Болатбек Абдрасилов пен I вице-президент Женгиз Томар қатысып, форумға қатысушыларға сәттілік тіледі. Форумның жұмысы журналистика бойынша білім беру бағдарламаларын дамыту, медианарыққа маман дайындау, студенттердің ой-өрісінің жаңа тәсілдері, журналистика кафедрасы оқытушыларының біліктілігін арттыру мәселесін ынталандыру және күшейту

пікірлерін білдірді.

Негізгі мақсат бүгінгі ақпараттық кеңістікте әрбір маман тәуелсіз болуды көздеді. Форумда академиялық пікірталас журналистика бойынша білім беру бағдарламаларының ұлттық үлгісі, медиа нарыққа маман дайындаудағы практикалық құзіреттіліктер, журналистика кафедрасы оқытушыларының біліктілігін арттыру мәселесін ынталандыру мен күшейту бағыттары бойынша өрбіді. Сондай-ақ, туыстас елдер университеттерінде білім алып жатқан студенттер, магистранттар мен докторанттардың ой-өрісін кеңейту мен мәдениетаралық қарым-қатынасы жайындағы құнды ұсыныстары мен ой-пікірлері өзара тәжірибе алмасудың негізі болды. Өзекті мәселелерді қаузаған форумның білімгерлерге берері мол болды.

Журналистика саласында тәжірибе алмасу, пікірлесу арқылы тың ақпараттар алды. Басқосуға қатысушылар ақпараттық саланы жетілдіру бағытындағы ойларын ортаға салды. Журналистика саласындағы соңғы жаңалықтарға тоқталып, жаңа ақпарат кеңістігінде бірлесіп жұмыс жасауға ниетті екендігін жеткізді. Форум журналистер қауымына тың серпін беріп, жаңа шығармашылық ізденістерге бағыттаған форум екі күнге созылды. Жиын барысында қонақтар университет өнерпаздарының дайындаған концерттік бағдарламасын тамашалады. Оқу орының кампустары мен Оңтүстік өңірдің киелі жерлеріне саяхат жасады.



Пленарлық мәжіліске ҚР Білім және ғылым министрінің PR кеңесшісі Майраш Тайкенова, университетіміздің

Қырғызстан, Өзбекстанның ғалымдары, студенттер мен магистрант докторанттар қатысып аталған тақырып негізінде ой-

Яу-апарат

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ЖЕМІСТІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ –
ЖОСПАРЛЫ БОЛАШАҚ НЕГІЗІ

Жуырда университетімізде Түркістан аймағында ғылымды дамыту мақсатында Қазақстан жаратылыстану ғылымдары ұлттық академиясы президумының кеңейтілген отырысы өтті.

Елбасы Н.Назарбаевтың жарлығымен Түркістан облысы құрылуына орай ҚазҰЖА Оңтүстік Қазақстан филиалы Түркістан филиалы болып қайта құрылды. Филиалдардың қызметі аймақтық университеттер негізінде ұйымдастырылады. Жиын барысында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауына орай ҚазҰЖА-ның Түркістан аймағындағы ғылымды дамытуға қосар үлесі және аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру мәселелері қаралды. Маңызды басқосуды ҚазҰЖА президенті Нұртай Әбіқаев жүргізді. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет саласындағы Басқарушы Өңірлік хабтың басшысы Әлихан Байменов қатысты.

Мәжілісте университет президенті Болатбек Абдрасилов ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауының шеңберінде Түркістан облысындағы ғылымды дамыту барысы және болашағы жайлы баяндама жасады.

Сондай-ақ жиын барысында Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Сонымен қатар ҚазҰЖА мен Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хаб өзара келісім туралы меморандумға қол қойды. Басқосу соңында мәжіліс мүшелері, Түркістан аймағында ғылымды дамытуға, ғылыми-техникалық ізденістер негізінде бірлесіп жұмыс жасау арқылы ортақ мақсатқа жетуге ниет білдірді.

ЯУ-ақпарат



БАУЫРЛАСТАР БАС ҚОСҚАН КҮН

«Отандастар» қоры Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы мен Қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп «Туған жерге тағзым» жобасы негізінде өз жұмысын бастады.

Аталмыш басқосу алыс-жақын шетелдерде (Австрия, Англия, Франция, Швеция, Иран, Қытай, Монғолия, Тәжікстан, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстан) тұратын қандастарға арнап, Қазақстанның киелі жерлеріне тарихи-танымдық экскурсиялар сериясы ұйымдастырылды. Ондағы мақсат – отандастарға Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан Баб кесенелері, Түркістанның тарихи мұражайы және өңірдің басқа да көрікті жерлерін таныстыру арқылы қазақ халқының мәдени және рухани құндылықтарын насихаттау. Алғашқы экскурсия түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістаннан бастау алды.

«Туған жерге тағзым» алғашқы экскурсиясы аясында университетімізде «Қазақстанның киелі жерлері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Онда Түркістан облысы әкімі Жансейіт Түймебаев, «Отандастар» Қоры» КЕАҚ Президенті Нұртай Әбіқаев және Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Заурбек Тұрысбеков шетелдерден келген отандастарға алғысөздерін арнады. Сонымен қатар, шараға университетіміздің президенті Болатбек Абдрасилов, ҚР Ұлттық мұражайының «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы директорының орынбасары Батырхан Жұмабаев және Мемлекеттік тілді дамыту қорының директоры Азат Шәуеев сынды белгілі сарапшылар қатысты. Олар «Киелі Қазақстан», «Мемлекеттік тілді дамыту», «Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыптарында баяндамалар оқыды.

«Туған жерге тағзым» тарихи-танымдық экскурсиялар жобасы «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында өткізіліп отыр. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында бұл бастаманы басымдық міндеттердің бірі ретінде белгілеген болатын. Қазір Қазақстанның тарихи жерлері тізіміне 185 жалпыұлттық және 500 өңірлік деңгейдегі нысандар енгізілген. Президенттің шетелдегі қазақтарды қолдау бойынша берілген тапсырмалары негізінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы жанынан құрылған «Отандастар» қоры шетелдегі және елімізге оралған қандастарымызға мәдени, білім беру бастамалары және құқықтық қолдау көрсетуді көздейді. Аталмыш экскурсия дүние жүзіне тардай шашылған отандастарымыздың басын біріктірген жоба болды. «Отандастар» Қоры мен Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы алдағы бес жыл ішінде экскурсиялық турларды еліміздің өзге де өңірлерінде жүйелі түрде өткізуді жоспарлап отыр. Келесі ретте жоба Ақтау, Павлодар, Алматы және тағы да басқа қалаларды қамтитын болады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, киелі жерлерді жақыннан танып, жіті зерттеу арқылы шетелдік отандастар тарихи отанының өткеніне үніліп, еліміздің мәдениетіне, өнеріне және халықтық дәстүрлеріне жақындай түседі.

ЯУ-ақпарат

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫМЕН
ҮНДЕСКЕН МҰРАЖАЙ

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы көпшілік тарапынан кең қолдауға ие болды. Жуырда Елбасы мақаласының негізінде университет музейінде ерекше форматта жиын өткізілді. Оған оқу ордамыздың басшылары, оқытушы-профессорлар мен студенттер қатысты. Талқылау мақсатында Рухани жаңғыру және ғылыми тәжірибелік орталығының директоры Л.Динашева келушілерді тарихи жәдігерлермен таныстырды. Университет музейінде асыл жауһарлардың Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласымен сәйкес келуін мақтанышпен айтып өтті.

Түркі әлемінің бесігі өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған Түркістан қаласында түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи өмір сүріп, ілім таратқан. Бабамыздың атын иемденген аталмыш университет түркі әлемінің басын біріктірген оқу ордасы саналады.

Елбасымыз Н.Назарбаев аталмыш мақаласында: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінгі нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» деген еді.

Мақаладағы Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру жайы қала тұрғындарына тың серпін берді.

Сондай-ақ, оқу ордамызда «Архив-2025» бағдарламасы негізінде түрлі тарихи-археологиялық зерттеулер жүргізіліп, алдағы уақытта да зерттеу жұмыстары жүзеге асырылатын болады. Президент мақаласындағы еліміздің тарихи мен мәдениетін, салт дәстүрін жас ұрпақтың бойына сіңіруде зор маңызға ие болуда. Елбасы нақтылап өткен Ұлы даланың жеті қырының әрқайсысы әр қазақстандықтың өткеніне үніліп, қоғамның дамуына қосқан үлесін қосуды көздейді.

ЯУ-ақпарат

ПОЭЗИЯ КЕШІ ӨТТІ

Таяуда университетіміздің RUHANIAT жастар клубының ұйымдастыруымен «Түнгі поэзия» атты кеш өтті.

Кеш барысында студент-жастар өз өнерлерін көрсетіп жиынның қызықты өтуіне өз үлестерін қосты. Аталмыш іс-шараны ұйымдастырушы кітапхана библиографы Айгүл Қамбароваға студенттер алғыстарын жеткізді. Бұл кеште қызықты ойындар мен романтикалық сәттерге тап болдық. Сонымен бірге кеште белсенділік көрсеткен студенттерге сыйлықтар берілді. Университетіміздің «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жетекшісі Әміреқұл Абуов бұл кештен ерекше әсер алғандығын айтып, өз ақыл-кеңестерімен бөлісті. Жиын соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Перизат САБЫР,
1-курс студенті

ЖАС ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Университетіміздің жас ғалымдары «Scopus» халықаралық дерекқорына кіретін жоғары рейтингтік журналдарда үздік деп танылды. Қазақстанда тұңғыш рет өткізілген «Scopus Award 2018» сыйлығын марапаттау рәсімінде еліміздің ең үздік авторлары мен ғылыми-зерттеу ұйымдары ғылымды дамытуға қосқан елеулі үлестері үшін марапатталды. Бұл ғалымдар мен университеттерді белсенді ғылыми қызметке ынталандыруға бағытталған «Elsevier» халықаралық компаниясының беделді әлемдік ғылыми сыйлығы.

Орта Азия бойынша Scopus Award 2018 сыйлығын салтанатты түрде рәсімдеу шарасында жас ғалымдарымыз жүлделі орындарға ие болды. Гуманитарлық сала бойынша үздік мақала жазғаны үшін, оқу ордамыздың «Дене тәрбиесі» кафедрасының PhD докторлары Бақытжан Омаров пен Бағдат Баймұханбетов «Best Researcher in Humanities» номинациясымен II-орынды иеленді. Бұл жетістіктер арқылы оқу ордамыз әлемдік деңгейдегі зерттеу нәтижесінің жемісін көрсетті.

Аталған шараға университетіміздің президенті Болатбек Абдрасилов арнайы шақырылып, ерекше ілтипатқа ие болды.

Марапаттау рәсімінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетов, «Elsevier» баспа үйінің басқарушы директоры Тайфун Башал, Scopus директоры Kun van der Krogt, Дүниежүзілік Университетінің Times Higher Education рейтинг агенттігі РФ мен ТМД елдерінің аймақтық директоры Егор Яблоковтың қатысуымен марапаттау рәсімі өтті. Elsevier Central Asia компаниясының аймақтық директоры Алия Оспанова қатысты. Және де Лондоннан тікелей байланыста болған, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия бойынша Quacquarelli Symonds рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Зоя Зайцева арнайы құттықтады.

Іс-шараға ғылыми журналдардың редакторлары мен авторлары сондай-ақ Қазақстандағы алғашқы жоғары Times Higher Education рейтингтік агенттігі де қатысты.

ЕЛБАСЫ ҚОРЫНЫҢ ШӘКІРТАҚЫ ИЕГЕРІ

Алматыда ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы Қоры жыл сайынғы республикалық студенттік шәкіртақы сайысының қорытындысын жариялады. Конкурс жеңімпаздарын «Тұран» университетінде «Қазіргі заманғы Қазақстандағы ғылымның инновациялық дамуы мен өзектілігі» XII халықаралық ғылыми конференцияның ашылуында марапаттады.

Үздік оқығаны үшін Қазақстан бойынша үздік 80 студенті әр ай сайын, жыл бойы ҚР Тұңғыш Президенті Қорының стипендиясын алады. Конкурсқа 500-ге жуық өтінім берілді. Оның ішінде Қазақстан Республикасының барлық аймақтарынан 40-қа жуық университет студенттері конкурсқа түсті.

Біздің университетімізден Филология факультетінің 4 курс студенті Иван Клименко мен Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 4 курс студенті Сұңқар Расұл Елбасы қорының шәкіртақы иегері атанды. Байқауға қатысушылардың үздік академиялық көрсеткіштері ғана емес, сондай-ақ оқу орнының ғылыми және шығармашылық өмірінде белсенді болуы керек.

Университетіміздің атынан конкурсқа қатысып жеңімпаз атанған студенттерімізді шын жүректен құттықтап оларға шығармашылық табыспен биік шыңдарды бағындыруларын тілейміз!

ПРЕЗИДЕНТ МАҚАЛАСЫ

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ - ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ӨЗЕГІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бір жарым жыл бұрын «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық рухани өсіп-өркендеуіміз бен кемелденуіміздің бағдарламасы ретінде қабылданды. Енді міне, Президенттің «Ұлы даланың жеті қыры» атты кезекті мақаласы да елімізде аса зор өрлеу туғызып отыр. Бұл туындыда ұсынылған жобаларды, Елбасының өзі жазғандай, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырған жөн.

Мақаланы көзі қарақты, көкірегі ояу әрбір жанның оқуы керек. Жан-жүрегімен түйсініп, әлденеше рет қарап шыққаны жөн.

Елбасының мақаласы жарияланған күні оқытушы-профессорлармен университетіміздің «Қазақ даласының тарихы» сурет көрмесінде бас қосып, талқылау ұйымдастырдық. Бірқатар қазақ-түрік профессорларымыз еңбектен алған әсерлерімен бөлісіп, тебіреністі ой-пікірлерін ортаға салды.

Президент бұл еңбегінде ұлы бабаларымыздың ұланғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткенін пайымдай келе, Ұлы даланың жеті қырына - Атқа міну мәдениетіне, Ұлы даланың ежелгі металлургиясына, Аң стиліне, Алтын адамға, Түркі әлемінің бесігіне, Ұлы жібек жолына, Қазақстанның алма мен қызғалдақтың отаны екеніне баса назар аударды. Сөз жоқ, аталмыш қырлардың қай-қайсысы болмасын әлем тарихынан ойып тұрып орын алатын, Ұлы даланың даңқын асқақтататын ғажайып жауһарлар. Біз үшін «Түркі әлемінің бесігі» қыры жан-жүрегіміздің бір бөлшегі іспеттес Елбасы біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесінің пайда болып, Ұлы далада жаңа кезең басталғанын тілге тиек ете отырып, ежелгі түркілердің ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырғанын, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашқанын мақтаныш сезіммен баяндайды. Президент өз жазбасында орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі - Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауидің Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқанын паш етеді.

Елбасы мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» атты екінші бөлімінде дүниетанымның, халқымыздың өткені мен бүгінгі және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты жұмыстарды бастауға бағытталған ірі жобаларды ұсынады.

«Түркі әлемінің генезисі» жобасы негізінде «Түркі өркениеті:түп-тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны қолға алу қажеттілігіне тоқталған Президентіміз Түркологтардың дүниежүзілік конгресін және әртүрлі елдер музейлерінің экспозицияларына ежелгі түркі жәдігерлері қойылатын Түркі халықтарына мәдени



күндерін ұйымдастыруды, сондай-ақ Википедияның үлгісінде Қазақстанның модераторлығымен түркі халықтарының ортақ туындылардың бірыңғай онлайн кітапханасын ашуды ұсынады. Сонымен қатар бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналатын облыс орталығы, ежелгі Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру қажеттігіне баса назар аударылып отыр. Ия, қасиетті Түркістанды өзінің тарихи орнына сәйкес биікке көтеру бүгінгі басты міндет болып табылады. Сол сияқты қастерлі қаладағы «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының гүлдене түсуіне тиісті министрлік барынша қамқорлық жасап, нақты көмек көрсетсе нұр үстіне нұр болар еді. Қазіргі қасиетті Түркістанда классикалық, философиялық, археологиялық тағы да басқа бағыттарды кең өріс алдыру үлкен маңызға ие. Бұған университет ғалымдары өз үлестерін қосуға дайын. Олай дейтініміз, ғылыми әлеует бар.

Елбасы ұсынып отырған ірі жобалардың бірі «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» жанымызды шуақты нұрға бөлегенін жасырғымыз келмейді. Университетіміздің мәдениет орталығында Ұлы дала тарихының галлериясы бой көтерген. «Қазақ даласының тарихы» сурет көрмесі Астанадағы республика Қазақ Ұлттық көрмесінің Алтын

залына қойылып, халық тамашалаған еді. Бұл сурет көрмесі қырық қалам туындысын біріктірген «Ұлы Даланың ұлы тұлғалары» және «Ұлы Даланың Ұлы оқиғалары мен құбылыстары» деген екі бөлімнен тұрады.

Көрменің басты мақсаты - Ұлы Дала Елі - Қазақстан Республикасының жеті мың жылдық тарихын суретпен сөйлету болғандықтан көрмеге ел тарихында өшпес орны бар тарихи тұлғалар мен Қазақ елінің мақтанышына айналған оқиғалар мен құбылыстардың бейнелі тарихи топтастырылған.

Елбасымыз Н. Назарбаев айтқандай, «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ешнәрсе жоқ. Қазақтың бүкіл тарихы бірігу тарихы, тұтастану тарихы» болғандықтан сурет тілімен бейнелеу - «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының тұғырын бекітуге қызмет ету тиіс. Көрмеге ұсынылған суреттердің тақырыбы мұқият таңдалып, мамандардың ғылыми және көркемдік сараптамасынан өткен.

Біздің заманымызға дейінгі бес мың жыл бұрынғы Ботай мәдениетінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы ұлттық тарих пен мәдениеттің артефактісіне айналған мәдени-рухани және материалдық ескерткіштер елдің игілігіне айналып, дәстүрлі мәдениеттің өзегін құрап отыр. «Ботай елді мекені», Қазақ даласындағы аң аулау өнерінен көрініс, «Сақ басшысы - Алтын адамды жерлеу

рәсімі», «Отырар моншасы», «Тайқазан», «Отырар кітапханасы», «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысы» тағы да басқа суреттер тарихи оқиғалар мен құбылыстарды сурет тілімен көркемдік бейнеде қабылдауға қызмет етеді.

Кезінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көтерген идеясы киелі Түркістанның ұлы қасиетінің жандана түсуіне, бүгінгідей ізгілікті істердің белең алуына сара жол ашты. Өткен жылы Түркістан түркі дүниесінің мәдени астанасы ретінде тың бастамалардың, игілікті істердің ұйытқысына айналды. Үстіміздегі жылдың маусым айында Президент Н. Назарбаевтың Жарлығымен Түркістан облысының дүниеге келіп, Түркістан қаласының облыс орталығына айналуы Түркі әлемінде тарихи оқиға болды.

Бұрын аудан орталығы болып келген шағын шаһар қазір мәдени орталықтары көз тартатын жасыл желекті, көрікті қалаға айналып келеді. Қасиетті мекеннің жасарып-жаңғыруында, өсіп-өркендеуінде Қазақ елі Тәуелсіздігі қарсаңында дүниеге келген Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше рөл атқарып отыр десек, артық айтқандық емес. Білім ордасы еліміз Тәуелсіздігінің символына, түркі халықтарының білімі мен ғылымының, мәдениетінің алтын бесігіне айналды.

Елбасының мақаласында ғылым мен білімнің бағыттарында алға қойған міндеттер мәртебесі Қазақстандағы Назарбаев университетінен кейінгі халықаралық дәрежедегі екінші білім ордасы болып саналатын Халықаралық қазақ-түрік университеті оқытушы-профессорлары мен студенттерінің жауапкершілігін арттыра түсті.

Өз дәуіріндегі білім мен адамгершіліктің жарық жұлдызы, байсалдылық пен сауаттылықтың, адамдардың ар-ұятының символы болған Қожа Ахмет Ясауи бабамыз атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің рухани астанамыз - қасиетті Түркістанда шаңырақ көтеруі жастар жүрегіне ердайым қасиет нұрын құяды. Осы орайда Елбасымыздың «Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел!» деген тебіреністі сөздерінің жүректерге ұялап, толқытатыны ақиқат. Кезінде Елбасының идеясымен шаңырақ көтерген білім ордасының студенттерін Мәңгілік Ел идеясы нұрландырып, патриоттық сезімдерін алаулата түсуде.

Болатбек АБДРАСИЛОВ,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры,
профессор.

ҚАЗАҚСТАН ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІ БОЙЫНША АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ ЕЛ БОЛАДЫ

Президентіміз Н. Назарбаев, өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында еліміздің өткені мен бүгінгі, тарихы мен болашағына көз жүгіртіп, өзінің келелі ойларымен бөлісті.

Соның ішінде қазба байлыққа бай қазақ жеріндегі металлургия саласының қалай дамығанына да тоқталған. Расымен де, еліміздің экономикасында тау-кен саласының алатын орны ерекше. Минералдық шикізаттың ірі базасы қалыптасқан Қазақстан қара металлургияның аса маңызды өнімдерін шығарады. Біздің кәсіпорындар түсті, сирек кездесетін асыл металдардың 40-тан астам түрін өндіреді, осылардың негізінде және химия өнімдерінен бұйымдар жасайды.

Қазақстанда өндірілетін түсті металдар дүние жүзінің көрмелеріне қойылған, қара металлургияның, ферросплавтың және хромит рудасының біраз мөлшері экспортқа шығарылады. Ел экономикасының іргетасы саналатын металлургия тарихына тоқталған Елбасының мақаласынан түйгенім, болашақта біз әлемдегі ірі алпауыт тау-кен өндірісін дамытуға ден қоюымыз керек деп ойлаймын.

Әміреқұл АБУОВ,
Рухани жаңғыру бағдарламасының
жетекшісі

Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МАҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МАҢЫЗЫ ЗОР

Мақалада тарих ғылымында үстемдік етіп келген европоцентризм тұжырымына ресми тұрғыда сыни көзқарас ұсынылғандығы отандық тарих ғылымының методологиясын ортақ ұстанымдарға топтастыруға бағытталған. Европоцентризмге балама тұжырым - отандық тарих ғылымының мазмұны мен құрылымына түбірлі өзгерістер орнықтырады. Тәуелсіздік жылдары қалыптаса бастаған отандық тарих методологиясын тұтастандыруда Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының маңызы ерекше.

Мақалада айтылғандай отандық тарих бойынша «көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ, біздің дүниетанымның, халқымыздың өткені мен бүгінгі және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты» екендігін негізге алсақ, онда әлеуметтік жадты бекітудің нақты қадамдары жасалуы тиіс. Ежелгі киелі кітаптардан «Ең алдымен сөз болды» деген тезисті кездестіреміз. Оның мәнісі - ең алдымен идея пайда болады, ол содан кейін материалданады дегенді білдіреді. Отандық тарих ғылымындағы әлеуметтік жад тілдік, танымдық, тұжырымдық сипатқа ие болып келеді. Отандық тарих ғылымы тәуелсіздік жылдары осы аталған ұлттық брендтердің ғылыми тұжырымын жасай алды. Дәлелдеді, дәйектеді. Ендігі кезекте осы ғылыми-танымдық игіліктер



материалдануы керек. Сонда ғана ғылыми ой монументальды сипат алып, тұрақты мәнге ие болады. Бұл жағдай тарихи сананы жаңғыртуға ықпал етуші факторға айналдырады. Ғылыми ойдың жетістігіне негізделген тарихи сананың материалдануы тарихи тәжірибені ғана емес, сонымен бірге оның өнегесін де кейінгі ұрпаққа жеткізудің басты шартына айналады.

Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы отандық тарих ғылымының алдына үлкен міндеттер жүктейді және осы бағыттағы зерттеулерге кең тыныс ашады деп білеміз.

Хазіретәлі ТҰРСЫН,
профессор, тарих ғылымдарының докторы

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

APPLE КОМПАНИЯСЫ ЛОГОТИПІНІҢ СЫРЫ



Әлемге танымал Apple компаниясының логотипі ретінде оң жағы тістелген алманың суреті таңдалған. Танымал брендті осы алмасына қарап танымыз. Тістелген алманың пайда болуы туралы әр түрлі әңгімелер айтылады. Компанияның негізін салған Стив Джобс талай кездесулерде тістелген алманың тарихын айтудан қашақтаған көрінеді. Басына алма құлаған соң Исаак Ньютонның Бүкіл әлемдік тартылыс заңын ашқаны баршамызға белгілі. Көптеген зерттеушілер айфондағы алманы осы оқиғамен байланыстырады. Ғалымдардың айтуынша, компания логотипінің тез танылуына оның есте сақтауға оңай болуы әсер етеді екен. Мысалы, Mercedes, Volkswagen, Opel компанияларының логотиптері қағаз бетінде бейнелеуге өте оңай, әрі есте жақсы сақталады.

Apple-дің логотипі компанияның өзінен әлдеқайда ертеректе пайда болған. Авторлар алғашында Ньютонның алма ағашы астында отырған суретін таңдаған. Алайда бұл сурет көпшілік үшін тым күрделі болды.

Тістелген алманың суретін Regis McKenna (Regis McKenna Advertising Agency) жарнама агенттігінің өкілдері ұсынған екен. Ел аузындағы әңгімелер бойынша агенттіктің арт-директоры Роб Янов супермаркеттен көп алма сатып алып, оны әр қырынан кесіп көрген. Еңбегі нәтиже бермеген Роб Яновтан көңілі қалған Стив Джобс оның бір алмасын тістеп, егер еш нәрсе ойлап таппаса, осы алманы негізге алуды ұсынады. Алайда, бұл ел аузындағы аңыз ғана. Адам ата мен Хауа ананың аңызы бойынша тістелген алма күннен белгісі саналады. Ал «Ақшақар мен 7 ергежейлі» ертегісінде тістелген алма – өлімнің, ажалдың бейнесінде көрініс тапқан.

Apple-дің алмасы туралы қанша аңыз естігенмен, iPhone-ға деген қызығушылығымыз азаймайды. Себебі, компания логотипінің мәртебесі оның шығарған өнімдеріне қарай белгіленеді. Ал тістелген алманы көрген сайын Apple өнімдері ойға оралатыны жасырын емес.

Зарина КЕНЖЕТАЕВА
1-курс студенті

ЖАСТАРДЫҢ ЖАЙДАРЫ ОРТАСЫ

Университетте студенттер күніне орай факультетаралық жайдарман ойыны өткізілді. Өткен оқу жылында басталған маусымашарға 10 құрама қатысқан болатын. Іріктеліп-сұрыпталып әзілдің майын ішіп жілігін шаққан, қағытпа қалжыңымен көрерменге ой тастай білген кілең мықты 4 команда финалға шықты.

Университет ректоры Б.Абдрасилов жайдарман жастарымыздың жайдары ортасы екендігін атап айтып қызыққа толы кешті ашып берді. Ойын басталмас бұрын «Студенттер күні» мерекесіне орай оқу ісі мен мәдени тәрбиелік жұмыстарға белсене араласып, оқу ордамыздың жақсы жетістіктерге қол жеткізуіне үлес қосып жүрген белсенді студенттерімізге университет президентінің алғыс хатымен марапаттады. 5-ші команда болып төрелік танытқан Шымкенттен келген «Байдың балалары» командасының белді ойыншысы, Ұлан Мықтыбек, Жастар орталығының басшысы Ілескен Айдар, Жайдарманға талай жастарды тәрбиелеп жүрген Жанболат Досбол әділ қазылық етті. Финалға жолдама алған «Credo», «112», «Барселона», «Medlife» құрамалары әзіл шынын араластырып, қағытпа қалжыңдарымен өз өнерлерін ортаға салды. Өн мен биін әзілмен ұштастырып көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлаған «Medlife» құрамасы жайдарманның көрігін қыздырды. Сәлемдесуі ерекше болған 112 командасы да әсерлі қалжыңдарымен көзге түсіп, студенттердің атынан астарлы әзілімен жаңа асхананың қажеттілігі туралы басшылыққа өтінімін жеткізді. Патша көңілді көрерменді күлкіге қарық қылған Барселоналықтар қаладағы маршруттардағы келеңсіздіктерді әжуаға айналдырып, кем кетігін сынға алды. Тапқырлығымен көзге түскен Credo ойыншылары сессияның қызығы мен қиындығын көзге елестетті. Сессияда сынақты өз білімімен қорықпай тапсырып шығу жемісті болатынын айтып өтті.

Жайдарманның жайдары жігіттері қалжыңдарымен тек қана көңілді көтеріп қана қоймай, ашық шындықтарымен көрерменге ой тастады. Тіпті жоғарыдағыларға өтініш-тілектерін де жеткізді. Ең соңында әділді бәсекеде еркін құрама «112» мен әлеуметтік ғылымдар факультетінен «Барселона» 3-орынды місе тұтты. Медицина факультетінің «Medlife» құрамасы 2-орынға ие болды. Ал нағыз мықтылығын дәлелдеген инженерия факультетінің «Credo» жайдарманшылары 1-орынды иеленді. Тапқырлығымен көзге түсіп, астарлы әзілдерін тілге тиек еткен Әйтен Исабек 2-ші мәрте «Үздік ойыншы» номинациясын жеңіп алды. Қызыққа толы кешті Бекұлан Жолдықожаев жүргізді.

Ақмарал СЕРІКБАЕВА,
1-курс студенті

ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗГЕ - 25 ЖЫЛ

1997 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының Жарлығымен 15 қараша-төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні болып күнтізбеде белгіленді. Міне сол уақыттан бәрі 25 жылдың жүзі өтіпті.

Теңгенің тарихы да қызық: 1992 жыл 27 тамызда Ұлттық банк теңге купюрасының үлгілерінің бекітті. Ертеңіне төл теңгеміздің авторлары суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжелеловтер Англияға аттанды. 1992 жылы теңге дизайнындағы портреттер бекітілді және Ұлыбританияда басылып шықты. 1993 жылдың 12 қарашада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасында ұлттық валюта енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. 1993 жылдың 15 қарашасында Тәуелсіз Қазақстан Республикасының төл валютасы айналымға енді. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау 1993 жылы 15 қарашада сағат 8.00-де басталып, 20 қарашада сағат 20.00-де аяқталды. Ұлттық банк бастапқыда 1 теңгені сол кездегі 1000 рубльге бағалаған болатын. Дегенмен, еліміздің саяси, әлеуметтік мәселелері және мемлекетаралық қатынастар ескеріліп, 1 теңге 500 сомға бекітілді. Теңге бірінші айналымға кірген күні 1 доллар 4,75 теңге болып бекітілді. 1994 жылы қағаз тиындардың орнына жезден жасалынған 2, 5, 10, 20 және 50 теңге номиналды монеталар шықты. Ұлттық валюта банкнот және монета түрінде айналымға енгізілді. Қазір банкнот - Ұлттық банктің Алматы қаласындағы «Банкнот фабрикасында», ал монета - Өскемендегі «Монета сарайында» шығарылады. 2006 жылы 15 қарашада жаңа үлгідегі банкноттар айналымға енгізілді.

Ақмарал СЕРІКБАЕВА,
1-курс студенті



ЖАНЫМА ЖАҚЫН, СЫРЛАСЫМ

Күздің соңғы күндері адам баласын терең ойдың тұңғығына тастайтын, күрең тартқан қоңыр мінезімен біреуге мұң, енді біреуге ақ жауынымен қуаныш, шабыт сыйлайды. Біреуге сағыныш, кімге, неге екені белгісіз беймәлім дүниеге қызықтырып, аңсатып қоятын мезгіл емес пе? Он екі айдан тұратын төрт мезгілдің ішінде жаныма жақыны, сырласым осы күз. Сарғайып жерге түскен жапырақтар алыстан күннің аз ғана сығырайған сәулесіне шағылысып алтындай жалт-жұлт етеді. Таңертеңгілік соққан қара желі бетінді қаршып, өне бойыңнан өтеді. Жер-ана да суық тартып, әр басқан қадамыңда өз ызғарын сездіріп қояды. Күз аяқталуға таянған соң ба, көк жүзін тұмшалаған сұр бұлттар шелектеп жаңбырын төгерін білмей не сейіліп кетерін білмей мең-зең күйге түскендей. Жан жағыңызға зер салып қараңызшы. Өуендетіп, шарықтай ұшқан құстар саны жоқтың қасы. Шатырымызға келіп ұялаған қарлығаштар да бүгінде көзге түспейді. Кеудесінде жаны бар әрбір тіршілік иесі қысқа дайындалып, қоржынын компитып, астығын әзірлеп, қамданып жатқандай. Үйлердің мұржаларынан қара түтін будақтап тұр. Ал терезе алдында тұрған ана сәбилерге қараңызшы. Сыртқа шығып асыр салып ойнағысы-ақ келеді. Тек әйнекке тырсылдап тиіп, төгіліп тұрған жауынды кінәлағандай бұртиып қояды.

Мен үшін күздің бастапқы күндері бар да, соңғы күндері жоқтай. Күз дегенің қыс мезгіліне адамзат пен жан-жануарды, табиғатты дайындау үшін туатын мезгіл секілді көрінеді. Неге дерсіз? Өзіңіз ойланып қараңыз. Күз басталғанын күннің қысқарып, түннің ұзаруынан,

жаңбыры мен желінен білеміз. Ал соңы қашан екені жұмбақ. Тура бүгін қар жауып, қалың тұман түсіп, қыс келуі мүмкін емес пе? Күздің қай сағат пен минут аралығында аяқталары белгісіз. Сол үшін күз өте ерекше сәт, мезгіл, уақыт деп санаймын. Күздің бұл күндері мына біздерге сабақ беріп, тәрбиелейтін секілді ме қалай? Адам тағдыры күзбен егіздей, бір-біріне ұқсас. Кез келген сәтте айтпай келетін өзгерістерге дайын тұруың керек сияқты. Дәл күз секілді. Қазір күн ашық, алайда бірер секундтан соң жаңбыр жауып кетуі мүмкін, бірақ қолыңда қолшатырың жоқ. Қазір сен бақытты болуың мүмкін ал ертең қайғы келсе, сағың сынып дел-сал күй кешесің. Жаныңда сүйенер жақының, сенер досың қалмауы мүмкін. Немесе бәрі керісінше. Бүгін көзің жасқа толса, ертең төбең көкке бір елі жетпей қуаныш мүмкін. Демек күздің де берері, үйретері көп деген сөз. Күз мезгілінде қиялға ерік беріп, терең-терең тыныстап, моншақтап жауып, терезенді қаққан жауын тамшыларындай, жан-дүниенің есігін қағып тұрған сезімдерге, мүмкіндіктерге жол ашқаның жөн. Күздің соңғы күндерінен тек тұнжырау мен мұңнан өзге осындай ғажайыптарды іске асыруды ойлаған дұрыс. Әрбір орын алған істің ағы мен қарасы, жақсы мен жаманы болатынын ойласақ, күзден де қуаныш, бақыт күтуді үйреніңіз! Күтейік. Бұл жылғы күздің соңғы күндері бізге нендей дүниелер сыйлар екен. Кім білсін?!

Нұрай ИСАНХАН,
1-курс студенті

ТҮРКІСТАННАН ШАРТАРАПҚА

Жақында қаламызда “TURKISTAN MEDIA” халықаралық медиа орталығы ашылды. Оның құрамында Түркістан облысының өңірлік коммуникациялық қызметі мен университетіміздің студенттерінен құрылған ерікті жас журналистер клубы жұмыс жасайды.

Медиа орталық арқылы түрік, өзірбайжан, орыс, өзбек, қырғыз тілдерінде ақпарат таратылады. Шаһарға келген отандық және шетелдік туристер ақпарат таратуда орталықтағы құрал-жабдықтарды ақысыз негізде қолдануларына жағдай жасалған. Осы арқылы Түркістан қаласына келетін туристердің әлеуеті жоғарылап, инвестициялық тартымдылығы артады деген сенім бар.

Сонымен қатар “TURKISTAN: JANA AQPARATTYQ KENESTIK” атты халықаралық медиа форумы өтті. Бұл форумда бірнеше мемлекеттің БАҚ жетекшілерімен меморандумға қол қойылды. Осы құжат негізінде Түркия, Өзірбайжан, Татарстан және Қырғызстан мемлекеттерінің жетекші ақпарат

құралдары мен Түркістан облысының ішкі саясат басқармасымен әріптестік орнатылды. Атап айтсақ Түркияның “TRT” телекомпаниясының Қазақстандағы өкілдігінің директоры Абдулхамит Абшар, Қырғызстанның “Кабар” ұлттық ақпарат агенттігінің IT департаментінің директоры Калнур Жаныбаев, Өзірбайжанның ITV телерадио-компаниясының Қазақстандағы өкілі Мажили Фузили және Татарстанның “Татар - Информ” халықаралық ақпарат агенттігі бас директорының орынбасары Рамис Ламитовпен меморандум жасалды. Меморандумға қол қойған шетелдік БАҚ жетекшілері мен өкілдері қаламыздың туризм және түркі әлемінің орталығына айналатынына сенім білдірді. Елбасымыздың Түркістан қаласын түркі әлемінің рухани өрі ірі туристік орталығына айналдыру жөнінде тапсырмасына орай, өңірде белсенді жұмыстар жүргізілуде. Бұл дегеніңіз журналистика мамандығының студенттеріне берілген үлкен мүмкіндік.

Бекзат ЕЛМЫРЗА,
1-курс студенті



ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ ӨЗ ЖЕМІСІН БЕРУДЕ

Жуырда «Әлия» балабақшасында 1 желтоқсан - «Президент күні» мерекесіне орай дуальды оқыту жүйесі бойынша ортаңғы «Колокольчик» тобында мерекелік іс-шара болып өтті. Жиынды университеттің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының оқытушысы Мария Жаздықбаева мен студенттер Перизат Жамалбекова, Жансұлу Қанатбаевалар ұйымдастырды.

Дуальды оқыту жүйесі дегеніміз - теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Қазіргі кезде оқытудың дуальды жүйесі – техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Яғни түлектер теориялық жағынан ғана емес практикалық жағынан да сауатты болады. Дуальды жүйенің негізі - студентті оқу орнымен өндірісте қатар оқыту. Бұл жүйеде ең бастысы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады. Дуальды жүйе бойынша білім алған ЖОО түлегі жұмыссыз қалмайды. Өйткені теория мен тәжірибені ұштастырып нәтижесінде, студент оқу бағдарламасын жақсы меңгереді деу аз, нағыз дайын маман болып шығады.

